21689756800

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 09 шілде №7119-24-00-2/8001 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Ебенбаева,
сот отырысының хатшысы Л.Б.Мамырғажының қатысуымен,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеумен қойылған талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«NURTAU-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР (телефон жүйесі арқылы)**:**
Талап қоюшы өкілі А.Н.Смагулов,
Жауапкер өкілі А.А.Науанов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 23 қаңтарда тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 104-2024-АУ шарт (әрі қарай – 104 шарт) бойынша «NURTAU-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - өнім беруші, Серіктестік) Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне (әрі қарай – тапсырыс беруші, Мекеме) 2 572 057 теңгеге автошина (әрі қарай – тауар) жеткізуге міндеттенген.

2024 жылғы 01 ақпанда тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 113-2024-АУ шарт (әрі қарай – 113 шарт)

бойынша Серіктестік Мекемеге 2 735 793 теңгеге тауар жеткізуге міндеттенген.

2024 жылғы 01 ақпанда тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 114-2024-АУ шарт (әрі қарай – 114 шарт) бойынша Серіктестік Мекемеге 1 283 520 теңгеге тауар жеткізуге міндеттенген.

2024 жылғы 01 ақпанда тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 115-2024-АУ шарт (әрі қарай – 115 шарт) бойынша Серіктестік Мекемеге 629 592 теңгеге тауар жеткізуге міндеттенген.

104 шарт бойынша Серіктестік тауарды келісім-шарт күшіне енген кезден бастап, яғни 2024 жылдың 29 қаңтардан бастап 2024 жылдың 28 наурызға дейін жеткізуге міндеттелген.

113 шарт бойынша Серіктестік тауарды келісім-шарт күшіне енген кезден бастап, яғни 2024 жылдың 2 ақпаннан бастап 2024 жылдың 2 сәуірге дейін жеткізуге міндеттелген.

114 шарт бойынша Серіктестік тауарды келісім-шарт күшіне енген кезден бастап, яғни 2024 жылдың 2 ақпаннан бастап 2024 жылдың 2 сәуірге дейін жеткізуге міндеттелген.

115 шарт бойынша Серіктестік тауарды келісім-шарт күшіне енген кезден бастап, яғни 2024 жылдың 2 ақпаннан бастап 2024 жылдың 17 наурызға дейін жеткізуге міндеттелген.

Алайда, аталған шарттарды орындау кезінде шарттың талаптары бұзылуына жол берілген, яғни тауар белгіленген уақытқа дейін мүлдем жеткізілмеген.

113 және 115 шарттар міндеттемелері тиісінше орындалмағаны үшін біржақты тәртіппен бұзылған.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандығына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және одан 116 805 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, жауапкер шарттар бойынша міндеттемелерін ішінара орындағанын, 113 және 115 шарттар орындалмағанын көрсетіп, талап қою талаптарын азайтып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танып, одан 53 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер сотқа пікір жолдаған жоқ. Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешімінің күшін жою туралы арызында, талап қоюды мойындамай, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған. 104 және 114 шарттар бойынша тауарлар талап қоюшымен қабылданды, яғни шарттың міндеттемелері орындалды. 113 және 115 шарттар бойынша Серіктестік тауарды одан жоғары техникалық сипаттамалары бар тауарға ауыстыру

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 12.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 15.10.2024

туралы Мекемеге хат жолдап, әзірше алмастыру мәселесі талқылануда деп көрсеткен.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талап қоюды толық мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12, 46-баптарына сай, егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 15-бабына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады. Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және соттан және іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз таңдайды. Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей негіздерде зерттеуге қатысуды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді.

№ 1 талап

Тараптар арасында 104, 113, 114, 115 шарттар жасалған. Шарттардың қолданыс мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Шарттардың №1 қосымшасында тауардың сипаттамасы, саны және жеткізу мерзімі көрсетілген.

Жауапкер шарттар бойынша міндеттемелерін ішінара орындаған.

104, 114 шарттар орындалған, ал 113, 115 шарттар орындалмаған.

Сотта жауапкер өкілі талапты мойындамады. Талап қоюды мойындамайтын уәждерін дәлелдейтін АПК-нің 64, 65, 67 – баптарына сай қатысты, жарамды және анық дәлелдемелерді сотқа табыстаған жоқ.

АК-нің 349-бабына сай міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 12.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 15.10.2024
7119-24-3-6/721

орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Заң талаптары негізінде, өнім беруші ашық конкурсқа қатысу туралы өтінім бере тұрып, тауарды белгіленген мерзімде жеткізуге өз келісімін білдіріп, шартқа қол қойған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алу веб-порталы бойынша шарттарды біржақты бұзу туралы хабарламалар жолдаған. Өнім берушімен тапсырыс берушінің әрекеті шағымданбаған.

113, 115 шарттар бір жақты бұзылған.

Талап қою заңмен қарастырылған мерзімде сотқа жолданған.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды негізге алып, 113, 115 шарттардың орындалмауына байланысты, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді болып табылады және қанағаттандырылуы қажет деген тұжырымға келеді.

№ 2 талап

АК-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының талап қою талаптарын азайтып, жауапкерден 53 822 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрағанын ескеріп, тұрақсыздық айыбы келесі түрде есептелінген: 113 шарт бойынша - 2 735 792 (шарттың сомасы) х 0,1% х 13 (кешіктірілген күндер саны) = 35 564 тенге; 115 шарт бойынша – 629 592 (шарттың сомасы) х 0,1% х 29 (кешіктірілген күндер саны) = 18 258 тенге.

Сот тұрақсыздық айыбы есебін тексеріп, оның дұрыс екенін анықтады. Жауапкер жағынан тұрақсыздық айыбының мөлшерін азайту туралы өтініш түскен жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 12.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 15.10.2024

Сот, жауапкердің міндеттемені уақытылы орындамағанын назарға отырып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы негізді және қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 109, 117-баптарына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 3 461 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің «47558 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«NURTAU-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«NURTAU-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 53 822 (елу үш мың сегіз жүз жиырма екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 3 461 (үш мың төрт жүз алпыс бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 12.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Ебенбаева Э. Е., 15.10.2024

7119-24-3-6/721